ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

1262156 , Баға диапазондарын/бағалық маркетингтік қорытындылар ұсыну бойынша қызмет көрсетулер сатып алу бойынша
Ашық тендер тәсілімен

Лот № 1 (18 У, 4555944) Баға диапазондарын/бағалық маркетингтік қорытындылар ұсыну бойынша қызмет көрсетулер

Тапсырыс беруші: "QAZAQGAZ PROCESSING" ЖШС
Ұйымдастырушы: "QazaqGaz" Ұлттық компаниясы" Акционерлік қоғамы

1. ТЖҚ қысқаша сипаттамасы

Атауы	**Мәні**
Жол нөмірі	18 У
Атауы және қысқаша сипаттамасы	Баға диапазондарын/бағалық маркетингтік қорытындылар ұсыну бойынша қызмет көрсетулер, Бағалық диапазондарын / бағасы маркетинг қорытындылар ұсыну бойынша қызметтер
Қосымша сипаттама	Өткізілген шетелдік ұқсас объектілер бойынша маркетингтік зерттеулер жүргізу арқылы газ өңдеу зауыттарының қуат бірлігінің инвестициялық құнының көрсеткішін айқындау
Саны	1.000
Өлшем бірлігі	-
Жеткізу орны	ҚАЗАҚСТАН, Астана қ., Родниковая 1/1
Жеткізу шарттары	-
Жеткізу мерзімі	Шартқа қол қойылған күннен бастап 60 күнтізбелік күні
Төлем шарттары	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 0%, Соңғы төлем - 100%

2. Сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

Осы техникалық тапсырма (бұдан әрі – ТТ) Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс мин истрінің 2026 жылғы 15 мамырдағы №239 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік инвестициялар есе бінен құрылыс объектілерінің құнын айқындау қағидаларына (бұдан әрі – №239 қағидалар) сәйкес төменде көрсетілген жобалар үшін неғұрлым тиімді техникалық-экономикалық көрсеткіштерге ие іске асырылған шетелдік ұқсас объектілер бойынша маркетингтік зерттеулер (бұдан әрі – МЗ) негі зінде қуат бірлігінің инвестициялық құны көрсеткішін (бұдан әрі – ҚБИҚК) айқындау жөніндегі қ ызметтерді сатып алуды жүргізу мақсатында әзірленді:

1. Қашаған кен орнының шикізаты негізінде жылына 2,5 млрд м³ қуаттылығы бар газ өңдеу за уыты (бұдан әрі – жылына 2,5 млрд м³ ГӨЗ);
2. Қарашығанақ кен орнының шикізаты негізінде жылына 5 млрд м³ қуаттылығы бар газ өңдеу зауыты (бұдан әрі – жылына 5 млрд м³ ГӨЗ).

ҚБИҚК – Тапсырыс беруші белгілеген және уәкілетті мемлекеттік органмен келісілген, жобаланат ын объектінің өндірістік қуатының өлшем бірлігіне шаққандағы үлестік инвестициялық (күрделі) шығындар шамасы бойынша жобалық шектеу. Бұл көрсеткіш жобалау сатысында неғұрлым тиімді

техникалық-экономикалық көрсеткіштерге ие іске асырылған шетелдік ұқсас объектілердің дерек ерін маркетингтік (бенчмаркингтік) зерттеу негізінде айқындалады және Қазақстан Республикасын ың жағдайларына және объектіні пайдалануға берудің жоспарланған жылына сәйкестендіріледі.

ҚБИҚК нақты жобаның сметалық құны, бюджеттік бағалауы немесе құнының болжамы болып таб ылмайды; жоба бойынша үлестік инвестициялық шығындар ҚБИҚК мәнінен аспауға тиіс.

Қысқартулар мен аббревиатуралар	**Белгіленуі**
ЖҚ	Жоғары қысым
ГӨЗ	Газ өңдеу зауыты
ГТГ	Газтурбиналық генерация
ТЖ	Теміржол
МЗ	Маркетингтік зерттеу
ТҚ	Төмен қысым
ЖЗШ	Жалпы зауыттық шаруашылық
ҚБИҚК	Қуат бірлігінің инвестициялық құнының көрсеткіші
№ 239 Қағидалар	Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 15 мамырдағы № 239 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік инвестициялар есебінен құрылыс объектілерінің құрылыс құнын айқындау қағидалары
СКГ	Сұйытылған көмірсутек газы

ТТ	Техникалық тапсырма
ЖФКС (NGL)	Жеңіл көмірсутектердің кең фракциясы (Natural Gas Liquids)
CAPEX (Capital Expenditures)	Күрделі шығындар
CSU	Commissioning and Start-Up (іске қосу-баптау жұмыстары)
FID	Final Investment Decision (түпкілікті инвести циялық шешім)
EPC/EPCM	Engineering, Procurement and Construction / Engineering, Procurement and Construction Management
ISBL	Inside Battery Limits
OSBL	Outside Battery Limits
PMC	Project Management Contract
СТА-001-2026	Стандарт Ассоциации СТА-001-2026 «Определение показателя инвестиционной стоимости единицы мощности объекта на основе маркетингового (бенчмаркингового) исследования зарубежных объектов-аналогов» (далее - Стандарт СТА-001-2026);

3. Маркетингтік зерттеулердің мақсаты мен міндеттері

МЗ мақсаты инвестициялық жобаны іске асырудың жобалау сатысында Қазақстан Республикасының жағдайларына сәйкестендірілген газ өңдеу зауыттарын (бұдан әрі – ГӨЗ) салу

және пайдалану саласындағы іске асырылған шетелдік ұқсас объектілердің деректерін талдау арқылы үлестік күрделі шығындардың (ҚБИҚК) негізделген бағдарлық мәнін айқындау болып табылады.

ҚБИҚК шығындар түрлері бойынша егжей-тегжейлі айқындалуға, әрбір жобаны пайдалануға берудің тиісті жылына келтірілуге және оны Тапсырыс берушінің белгілеуі әрі кейіннен тиісті салаға басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органмен келісуі үшін жеткілікті көлемде дайындалуға тиіс.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді орындау қажет:

1. СТА-001-2026 стандартының К-1–К-8 критерийлеріне сәйкес аналог объектілердің іріктемесін қалыптастыру және оның таңдалуын негіздеу;
2. Белгіленген дереккөздер иерархиясына сәйкес іріктелген аналог объектілердің күрделі шығындары (CAPEX) туралы деректерді жинау және олардың дұрыстығын тексеру;
3. Аналог объектілердің деректерін нормализациялауды (CAPEX жүйесінің шекараларын біріздендіру, валюталық және уақыттық қайта есептеу, өндірістік қуаттылық бойынша масштабтау) жүзеге асыру;
4. Дәлдік диапазонын көрсете отырып, медиана әдісімен ҚББҚК-нің қорытынды көрсеткішін есептеу;
5. ҚББҚК көрсеткішін үш сценарий бойынша (төмен тәуекел / базалық / жоғары тәуекел) объектіні пайдалануға берудің жоспарланған жылына сәйкестендіріп қайта есептеу;
6. EPC-келісімшартының («кілт тапсыру» шартымен құрылыс салу) құнын бақылау, мемлекеттік сараптамадан өту және КС-2/КС-3 нысандары бойынша төлемдерді әкімшілендіру мақсатында кейіннен пайдалануға жарамды нәтижелердің құрылымы мен егжей-тегжейлі көрсетілуін қамтамасыз ету;
7. СТА-001-2026 стандартының 10-бөлімінде белгіленген және осы Техникалық тапсырманың талаптарымен толықтырылған құрамда маркетингтік зерттеулер (МЗ) туралы есепті кейіннен тиісті салаға басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органмен келісу үшін дайындау.

4. **Маркетингтік зерттеу жүргізуге арналған бастапқы деректер**

Тапсырыс беруші Орындаушыға мынадай бастапқы деректерді ұсынады (СТА-001-2026 стандартының 5.3-тармағы):

- объектінің функционалдық мақсаты және техникалық сипаттамасы;
- өлшем бірлігі көрсетілген нысаналы тауарлық өнім бойынша өндірістік қуаты;
- негізгі технологиялық қондырғылардың құрамы;
- объектіні пайдалануға берудің жоспарланған жылы;

- объектінің орналасқан жері және алаң түрі (гринфилд / браунфилд);
- күрделі шығындар жүйесінің болжамды шекаралары (енгізілетін және алып тасталатын шы ғындар баптарының тізбесі).

Параметрлер	**ГӨЗ 2,5 ВСМА**	**ГӨЗ 5,0 ВСМА**
Объектінің функционалдық мақсаты	Газ өңдеу зауыты	Газ өңдеу зауыты
Нысаналы тауарлық өнім	Тауарлық газ, сұйытылған көмі рсутек газы, тұрақтандырылған конденсат, тауарлық күкірт (түйіршіктелген)	Тауарлық газ, сұйытылған көмі рсутек газы, тұрақтандырылған конденсат, тауарлық күкірт (түйіршіктелген)
Өндірістік қуаты (өлшем бірлігі)	Жылына 2,5 млрд текше метр	Жылына 5 млрд текше метр

Негізгі технологиялық қондырғылардың құрамы	Технологиялық қондырғылар: сепарация, сынапты кетіру блогы, аминдік тазарту, газды кептіру, газды фракциялау, карбонилсульфид пен меркаптандарды кетіру қондырғысы, күкірт өндіру қондырғысы, қалдық газдарды қосымша тазарту қондырғысы, су дайындау қондырғылары, сарқынды суларды тазарту қондырғысы; сұйытылған көмірсутек газы (СҚГ) мен конденсатқа арналған резервуарлық парктер, СҚГ мен конденсатты автоцистерналарға және теміржол вагондарына құю эстакадалары, күкіртті түйіршіктеу учаскесі, күкіртті сақтау және теміржол вагондарына тиеп жөнелту учаскесі, алау шаруашылығы, алаңдар арасындағы технологиялық құбыржолдар, жалпы зауыттық шаруашылық (ОЗХ), электр қосалқы станциялары.	Кіреберісте сынапты кетіру жүйесі бар қышқыл газдарды тазарту қондырғысы (аминдік тазарту); газды кептіру және меркаптандарды кетіру (молекулалық електер); газдың шық нүктесін реттеу қондырғысы; экспорттық (тауарлық) газды сығымдау және есепке алу; кең фракциялы жеңіл көмірсутектерді (ШФЛУ/NGL) фракциялау; сұйытылған көмірсутек газын (СҚГ) карбонилсульфидтен (COS) тазарту; СҚГ/ШФЛУ (NGL) сақтау және тиеп жөнелту; қалдық газдарды қосымша тазарту жүйесі бар Клаус қондырғысы (күкіртті бөліп алу қондырғысы); күкіртті сақтау, түйіршіктеу және тиеп жөнелту; қышқыл сарқынды суларды буландырып тазарту; ұсталған мұнайды жинау жүйесі және жабық дренаж жүйелері; алау жүйесі (жоғары қысымды/төмен қысымды/суық алау).
Пайдалануға берудің жоспарланған жылы	2030 ж.	2030 ж.
Орналасқан жері	Атырау облысы, Мақат ауданы	Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы
Алаңның түрі (бұрын игерілмеген/бұрын игерілген)	Бұрын игерілмеген	Бұрын игерілмеген

CAPEX жүйесінің күтілетін шекаралары	ISBL: негізгі технологиялық қондырғылар және қосалқы жүйелер (жалпы зауыттық шаруашылық (ОЗХ), СКГ мен конденсатты құю эстакадалары, күкіртті түйіршіктеу учаскесі, күкіртті сақтау және теміржол вагондарына тиеп жөнелту учаскесі, алау шаруашылығы, алаңдар арасындағы технологиялық құбыржолдар, электр қосалқы станциялары). 1-қосымшаны қараңыз.	ISBL (негізгі технологиялық қондырғылар және қосалқы жүйелер) + OSBL (газтурбиналық генераторлар (ГТГ) негізіндегі энергия орталығы, сумен жабдықтау, жалпы зауыттық шаруашылық (ОЗХ), кірме автомобиль жолдары, теміржол инфрақұрылымы). 2-қосымшаны қараңыз.

5. Көрсетілетін қызметтердің көлемі мен мазмұны

5.1 Ақпаратты жинау және талдау

Қызметтерді көрсету шеңберінде Орындаушы мынадай жұмыстарды қоса алғанда, ақпаратты жинауды, жүйелеуді және талдауды жүзеге асырады:

- шетелде іске асырылған ұқсас объектілер туралы мәліметтерді іздеу және жинау;
- ашық, мамандандырылған және өзге де қолжетімді ақпарат көздеріндегі деректерді талдау;
- ұқсас жобалардың күрделі шығындары, өндірістік қуаты, технологиялық параметрлері, негізгі өндірістік объектілерінің құрамы, инфрақұрылымы және іске асыру мерзімдері туралы мәліметтерді жинау және өңдеу;
- әрбір ұқсас объект бойынша бастапқы деректердің дұрыстығын растайтын құжаттар мен материалдарды жинау және жүйелеу.

5.2 Ұқсас объектілерді іріктеуге қойылатын талаптар

Ұқсас объектілердің іріктемесі СТА-001-2026 стандартының 6-бөліміне сәйкес, аналогтар бойынша бағалау, бағалауды валидациялау және технологиялық аналогтарды басымдықпен таңдау әдістерін қолдану арқылы қалыптастырылады.

Орындаушы СТА-001-2026 стандартының талаптарына сәйкес ұқсас объектілердің тізбесін қалыптастырады және олардың таңдалуын негіздейді.

Негізгі іріктемеге міндетті салыстырмалылық критерийлеріне (К-1–К-6) сәйкес келетін, әлемде іске асырылған кемінде 3 (үш) ұқсас объект енгізіледі. Қажет болған жағдайда, әрбір жоба үшін олардың қолданылу мүмкіндігі жеке негізделген және қажетті түзетулер енгізілген жағдайда, бірдей ұқсас объектілерді жылына 2,5 млрд м³ және 5,0 млрд м³ өндірістік қуаты бар газ өңдеу зауыттарының жобалары үшін пайдалануға жол беріледі.

Қызметтерді көрсету басталған күнге дейінгі соңғы 10 (он) жыл ішінде пайдалануға берілген объектілерге басымдық беріледі.Пайдалануға берілгеніне 10 жылдан астам, бірақ 15 жылдан аспаған объектілерді төмендегі шарттар бір мезгілде орындалған жағдайда іріктемеге енгізуге жол беріледі:

- Тапсырыс берушінің келісімінің болуы;
- жоғары технологиялық және функционалдық салыстырмалылықтың расталуы;
- күрделі шығындар туралы сенімді деректердің болуы;
- құнды бағалардың бірыңғай базалық деңгейіне дұрыс келтіру мүмкіндігінің болуы.

Міндетті критерийлерге сәйкес келетін ұқсас объектілердің жеткілікті саны болмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге жазбаша негіздеме ұсынады және әрбір объектіні пайдалануға қатысты шектеулерді, сондай-ақ олардың зерттеу нәтижелерінің дұрыстығына әсерін бағалауды көрсете отырып, кеңейтілген іріктемені ұсынады.

Әрбір ұқсас объект төмендегі міндетті критерийлерге сәйкес келуі тиіс:

Код	**Өлшемшарт**	**Талап**
К-1	Технологиялық сәйкестік	Бірдей немесе барынша жақын бала малы технология; негізгі технология лық блоктардың кемінде 70 %-ының сәйкес келуі.

К-2	Өндірістік қуаты бойынша салыстырмалылық	Ұқсас объектінің өндірістік қуаты жобалық қуаттың 30 %-ынан 300 %-ына дейінгі аралықта болуы тиіс. Көрсетілген диапазоннан тыс болған жағдайда, ауқымға байланысты түзету (Six-Tenths Rule — алтыдан он дәрежелік ереже) қолданылады.
К-3	Функционалдық мақсаты	Нысаналы тауарлық өнім мен объектінің функционалдық мақсатының ұқсас болуы.
К-4	Күрделі шығындарды тексеру және растау мүмкіндігі	СТА-001-2026 стандартының 7.1-бөліміне сәйкес 1–4-деңгейдегі деректерге қойылатын талаптарға сай келетін, күрделі шығындар туралы расталған деректердің болуы.
К-5	Деректердің өзектілігі	Негізінен соңғы 5–10 жылдағы деректер пайдаланылады; бұдан бұрынғы деректерді пайдалануға болардың қолданылу мүмкіндігі негізделген жағдайда ғана жол беріледі.
К-6	Жобаның іске асырылу мәртебесі	Объект пайдалануға берілген немесе күрделі шығындары түпкілікті инвестициялық шешім (FID) қабылдау деңгейінде тіркелген және құрылыстың аяқталу сатысында болуы тиіс.

Қосымша объектілердің салыстырмалылығы мынадай өлшемшарттар бойынша бағаланады:

- **К-7** – технологияның қолжетімділігі және жабдықты жеткізу мүмкіндігі;
- **К-8** – техникалық және нормативтік-құқықтық негіздердің салыстырмалылығы.

Орындаушы қажетті түзетулерді (қалыпқа келтіруді) жүзеге асырған және олардың бағалау нәтиже леріне әсерін негіздеген жағдайда, К-7 және К-8 өлшемшарттарына сәйкес келмеу объектіні ірікте меден алып тастауға негіз болып табылмайды.

5.3 Іріктеменің репрезентативтілігіне қойылатын талаптар

Ұқсас объектілердің іріктемесін қалыптастыру кезінде Орындаушы мынадай талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге тиіс:

- ұқсас объектілердің ең аз саны – кемінде 3, ұсынылатын саны – 5-тен 10-ға дейін;
- меншікті CAPEX көрсеткішінің іріктеме медианасынан ауытқуы ±50 %-дан асатын ұқсас объектілер ықтимал аномальды мәндер ретінде анықталуға тиіс, сондай-ақ оларды іріктемеде қалдыру немесе алып тастау туралы шешім құжат жүзінде ресімделуге тиіс;
- ұқсас жобаларды іске асыру шарттарының нарықтық сипатқа сәйкестігі бағаланады (жеңілдікті үкіметаралық келісімшарттарды, құнды әкімшілік жолмен төмендету жағдайларын және т.б. алып тастау – Стандарттың 6.3.3-тармағында көрсетілген белгілер бойынша);
- іріктеу кезінде басымдық төмендеу ретімен мынадай өлшемшарттарға беріледі:

1. Технологияның бірдей болуы;
2. Өндірістік қуаттылықтың жақындығы;
3. Іске асырылған жылының неғұрлым кейінгі болуы;
4. Іске асыру моделінің ұқсастығы (EPC/EPCM, «кілт тапсыру» шартымен құрылыс салу);
5. Климаттық және геологиялық жағдайлардың ұқсастығы;
6. Географиялық жақындығы (Орталық Азия, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД)).

5.4 Салыстырмалы талдауға қойылатын талаптар

Әрбір аналог объект бойынша Орындаушы техникалық сипаттамаларды, CAPEX шекараларын, деректер көздерін, верификация нәтижелерін, қолданылған түзетулер туралы мәліметтерді және салыстырмалылықтың негіздемесін қамтитын объект паспортын ұсынады:

- жобаның атауы және іске асырылған елі;
- пайдалануға берілген жылы;
- жобалық қуаты;
- технологиялық схеманың қысқаша сипаттамасы;
- негізгі технологиялық қондырғылардың құрамы;
- жобаның нақты, түпкілікті немесе өзге де расталған инвестициялық құны, осы құнның қай жылға жататынын, валютасын және есепке алынатын шығындардың құрамын көрсете отырып;
- санкциялық шектеулерге байланысты тәуекелдерді бағалау;

- жалпы құнды құрамдас бөліктерге бөлу (жобалау-іздестіру жұмыстары (ЖІЖ), жұмыстар, жабдықтар, материалдар, іске қосу-баптау жұмыстары (ІҚБЖ), ІҚБЖ жүргізуге арналған шикізат, Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі логистика, қосалқы бөлшектер, шарт талаптарына байланысты шығындар (сақтандыру, кепілдіктер) және т.б.);
- валюталық тәуекелдерді және оларды хеджирлеу тетіктерін талдау;
- қуат бірлігінің үлестік инвестициялық құны (ҚБИҚК);
- негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштер;
- ақпарат көзі (көздері).

5.5 Ұқсас объектілердің деректерін қалыпқа келтіруге және салыстыруға қойылатын талаптар

Орындаушы СТА-001-2026 стандартының талаптарына сәйкес ұқсас объектілер бойынша деректерді қалыпқа келтіруді және оларды бірыңғай салыстыру базасына келтіруді жүзеге асыруға тиіс.

Қалыпқа келтіру шеңберінде Орындаушы:

- әрбір ұқсас объектінің құндық көрсеткіштері жататын жылды айқындау және барлық құндық көрсеткіштерді бағалардың бірыңғай базалық деңгейіне келтіру;
- объектілердің құнын бірыңғай валютаға келтіру;
- күрделі шығындар (CAPEX) жүйесінің бірыңғай шекараларын қамтамасыз ету;
- жобалардың қуаты, технологиялық конфигурациясы, объектілердің құрамы, инфрақұрылым көлемі, өңірлік, климаттық, сейсмикалық және өзге де іске асыру жағдайларындағы айырмашылықтарды ескеретін түзетулер енгізу;
- құндық деректерді Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамасына сәйкес құрылыс құнын айқындау кезінде қолданылатын шығындар құрамына сәйкестендіру;
- жалпы құнды құрамдас бөліктерге бөлу (жобалау-іздестіру жұмыстары (ЖІЖ), жұмыстар, жабдықтар, материалдар, іске қосу-баптау жұмыстары (ІҚБЖ), ІҚБЖ жүргізуге арналған шикізат, Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі логистика, қосалқы бөлшектер, шарт талаптарына байланысты шығындар (сақтандыру, кепілдіктер) және т.б.);
- инвестициялық құнның салыстырмалы үлестік көрсеткішін (қуат бірлігіне шаққандағы CAPEX) айқындау.

Талдау жүргізу кезінде Орындаушы жылына 2,5 млрд м³ және 5,0 млрд м³ өндірістік қуаты бар газ өңдеу зауыттарының жобаларымен ұқсас объектілердің мынадай негізгі параметрлер бойынша салыстырмалылығын қамтамасыз етуге тиіс:

- функционалдық мақсаты;
- өндірістік қуаты;
- өңделетін шикізаттың сипаттамалары;
- технологиялық схема және негізгі технологиялық қондырғылардың құрамы;
- тауарлық өнімнің құрамы;
- негізгі және қосалқы объектілердің құрамы;
- инженерлік және көлік инфрақұрылымының көлемі;

- табиғи-климаттық, геологиялық, сейсмикалық және жобаларды іске асырудың өзге де жағдайлары.

Анықталған барлық айырмашылықтар негізделген құндық түзетулер немесе өзге де есептеу әдістері арқылы ескерілуге тиіс. Әрбір түзету бойынша Орындаушы есептеуді, оны қолдану әдістемесін, бастапқы деректерді, пайдаланылған коэффициенттерді, индекстерді, болжамдарды, шектеулерді және ақпарат көздерін көрсетуге міндетті.

Ұқсас объектілердің құнын қалыпқа келтіру мынадай кезеңдер бойынша дәйекті түрде жүзеге асырылады:

1. күрделі шығындар жүйесінің шекараларын сәйкестендіру (Scope Alignment);
2. құнды бірыңғай валютаға келтіру;
3. бағалар өзгерісінің танылған индекстерін пайдалана отырып, құнды зерттеудің базалық жылына келтіру;
4. өндірістік қуаттағы айырмашылықтарға байланысты түзету енгізу (қажет болған жағдайда);
5. инвестициялық құнның салыстырмалы меншікті көрсеткішін есептеу.

Қалыпқа келтіруді бастамас бұрын Орындаушы СТА-001-2026 стандартына сәйкес күрделі шығындар (CAPEX) жүйесінің бірыңғай шекарасын айқындауға тиіс. Күрделі шығындардың құрамына жобаны іске асыруға байланысты шығындар (ISBL, OSBL, жобалау-іздестіру жұмыстары, жобаны басқару (PMC), іске қосу-баптау жұмыстары (CSU), сақтандыру және Стандартта көзделген өзге де шығын баптары) енгізіледі. Күрделі шығындардың құрамына күтпеген шығыстарға арналған резервтер, меншік иесінің шығындары, айналым капиталы, құрылыс кезеңіндегі қаржылық шығындар, салықтар және Стандартқа сәйкес алып тасталуға жататын өзге де шығын баптары енгізілмейді.

Уақыт бойынша баға деңгейінің өзгеруіне байланысты түзетулер және ұқсас объект орналасқан ел мен Қазақстан Республикасы арасындағы құрылыс құнының айырмашылықтарына байланысты түзетулер жеке-жеке жүргізілуге тиіс.

Күрделі шығындардың толық құрамын қамтитын ұқсас объект болмаған жағдайда, қолданылатын тәсіл құжаттамалық тұрғыдан негізделген жағдайда, CAPEX-тің жекелеген құрамдас бөліктерін бөлек қалыпқа келтіру арқылы біріктірілген (гибридтік) бенчмаркинг әдісін қолдануға жол беріледі.

5.6 Қуат бірлігінің инвестициялық құны көрсеткішінің (ҚБИҚК) қорытынды мәнін есептеуге қойылатын талаптар

Орындаушы қуат бірлігінің инвестициялық құны көрсеткішін (ҚБИҚК) мынадай объектілердің әрқайсысы үшін жеке айқындауға тиіс:

- жылына 2,5 млрд м³ газ өңдеу қуаты бар газ өңдеу зауыты (ГӨЗ);
- жылына 5,0 млрд м³ газ өңдеу қуаты бар газ өңдеу зауыты (ГӨЗ).

ҚБИҚК есептеу СТА-001-2026 стандартының талаптарына сәйкес қалыпқа келтірілген ұқсас объектілер іріктемесінің негізінде жүзеге асырылады. ҚБИҚК-нің қорытынды мәні аномальды мәндерді анықтау және өңдеу ескеріле отырып, іріктемені статистикалық өңдеу нәтижелері бойынша айқындалады.

ҚБИҚК есептеу кезінде Орындаушы:

- ҚБИҚК-нің қорытынды мәнін және ықтимал мәндер диапазонын айқындауға;
- іріктеменің репрезентативтілігін және алынған нәтиженің дұрыстығын бағалауға;
- AACE International жіктемесіне сәйкес бағалаудың дәлдік сыныбын айқындауға;
- құрылыс құнының болжамды өзгерісін ескере отырып, ҚБИҚК мәнін объектіні пайдал ануға берудің жоспарланған жылына келтіруге;
- нәтижелердің құнға әсер ететін негізгі факторларға (бағалардың өзгеруі, валюта бағамы , ауқымға байланысты түзетулер және басқа да елеулі параметрлер) сезімталдығына та лдау жүргізуге;
- ҚБИҚК мәндерін зерттеудің базалық баға деңгейінде де, объектіні пайдалануға берудің жоспарланған жылындағы баға деңгейінде де ұсынуға міндетті.

ҚБИҚК №239 Қағидаларда көзделген шығындар құрамына сәйкес қалыптастырылуға және к емінде мынадай ірілендірілген топтар бойынша егжей-тегжейлі көрсетілуге тиіс:

1. Техникалық-экономикалық негіздемені қоса алғанда, жобалау құжаттамасы;
2. Салалық заңнама талаптарымен айқындалатын инвестициялық жоба бойынша шығын дар.
3. Құрылыс құны, оның ішінде:
    - жобалау және іздестіру жұмыстары;
    - кешенді ведомстводан тыс сараптама;
    - құрылыс-монтаждау жұмыстары;
    - жабдықтар;
    - жобаны басқару;
    - техникалық қадағалау;
    - авторлық сүйемелдеу;
    - салықтар және есепке алынатын өзге де шығындар.

Шығындардың әрбір тобы бойынша Орындаушы мыналарды көрсетуге тиіс:

- шығындардың құрамы;
- бастапқы деректердің көзі;
- құнды айқындау әдісі;
- қолданылған болжамдар мен түзетулер;
- жекелеген шығындарды алып тастау негіздемелері (болған жағдайда).

ҚБИҚК есептеу нәтижелері оларды кейіннен «Жоба» сатысындағы жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу кезінде қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ететін түрде ұсынылуы және мыналарды қамтуы тиіс:

- өлшем бірлігі көрсетілген көрсеткіштің мәні;
- есептік негіздеме;
- мәндер диапазоны (болған жағдайда);
- ұсынылатын (неғұрлым ықтимал) мән;
- нәтиженің дұрыстық деңгейін бағалау;
- көрсеткіштің шамасына әсер ететін негізгі факторлардың сипаттамасы;

- жылына 2,5 млрд м³ және 5,0 млрд м³ газ өңдеу қуаты бар ГӨЗ-дерді пайдалануға берудің жоспарланған жылына келтірілген мәндер.

5.7 ҚБИҚК шығындар шекаралары (Cost Boundaries) бойынша егжей-тегжейлі көрсетуге қойылатын талаптар

ҚБИҚ қорытынды көрсеткіші бірыңғай жиынтық мән түрінде емес, EPC-келісімшартының құнын кейіннен бақылау және мердігердің ұсыныстарымен салыстыру үшін қажетті төмендегі шығындар шекараларының әрқайсысы бойынша жеке ұсынылады:
Құрылыс объектілері бөлінісінде:

- ISBL (Inside Battery Limits) – негізгі технологиялық қондырғылар шегіндегі объектілер;
- OSBL (Outside Battery Limits) – негізгі технологиялық қондырғылар шегінен тыс орналасқан объектілер;
- сыртқы инфрақұрылым және инженерлік желілер (external infrastructure and utilities).
- Шығындар түрлері бөлінісінде:
- шарт талаптарына байланысты шығындар (сақтандыру, кепілдіктер және т.б.);
- салалық сипаттағы шығындар (іске қосу-баптау жұмыстарына (ІҚБЖ) арналған шикізат, Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі логистика, қосалқы бөлшектер және т.б.);
- меншік иесінің шығындары (Owner’s costs) – болған жағдайда;
- Қазақстан Республикасының құрылыс саласындағы нормативтік құжаттарының (ҚР НДЦС) талаптарына сәйкес құрылысқа жұмсалатын шығындар;
- жобаның толық құны (Total Project Cost).

Есепте есептелген әрбір мән бойынша енгізілген және алып тасталған шығын баптарының тізбесі нақты әрі бірмәнді көрсетілуге тиіс.

5.8 Күрделі шығындардың (CAPEX) егжей-тегжейлі құрылымына қойылатын талаптар

ҚБИҚК қосымша Орындаушы жобалау сатысында мүмкіндігінше болашақ EPC-шартының шығындар құрылымына барынша жақындатылған CAPEX-тің егжей-тегжейлі құрылымын ұсынады, ол кемінде мынадай шығыс баптарын қамтуы тиіс:

- Жобалау жұмыстары (Engineering);
- Сатып алу (Procurement);
- Жабдықтар (Equipment);
- Материалдар мен бұйымдар (Bulk materials);
- Құрылыс-монтаж жұмыстары (Construction);
- Пайдалануға беруге дейінгі дайындық жұмыстары (Pre-commissioning);
- Іске қосу-баптау жұмыстары (Commissioning);
- Жанама шығындар (Indirect costs);
- Күтпеген шығыстарға арналған резерв (Contingency).

Аталған егжей-тегжейлі бөлу ЕРС мердігерінің ұсыныстарын кейіннен тексеру және мемлекеттік сараптамаға ұсынылатын шығындар құрылымын растау үшін қажет.

5.9 ҚБИҚК құрылымын ЕРС келісімшартының шығындар құрылымымен және мемлекеттік сараптама кезінде қолданылатын сметалық құрылыммен салыстыруға қойылатын талаптар

ЕРС келісімшарты бойынша төлем КС-2 және КС-3 нысанындағы актілер негізінде, сондай-ақ мемлекеттік сараптама нәтижелері бойынша бекітілген шығындар құрылымына сәйкес жүзеге асырылады деп көзделетінін ескере отырып, Орындаушы төмендегілер арасындағы ұсынылатын сәйкестендіруді (Mapping) ұсынуға міндетті:

- қуат бірлігінің инвестициялық құны көрсеткішінің (ҚБИҚК) құрылымымен;
- ЕРС-шарты бойынша шығындар құрылымымен;
- мемлекеттік сараптамадан өткізу кезінде қолданылатын сметалық құжаттама құрылымымен (оның ішінде КС-2/КС-3 актілерінің санаттарымен), іске қосу-баптау жұмыстарын қоса алғанда.

Есепте бенчмаркинг әдісімен айқындалған ҚБИҚК санаттарының Қазақстан Республикасында мемлекеттік сараптама жүргізу кезінде қолданылатын сметалық жіктемелерге тікелей сәйкес келмейтін жағдайлары жеке көрсетілуге тиіс. Аталған сәйкестендіру кейіннен шартты әкімшілендіруді және орындалған жұмыстарды растауды жеңілдетуге бағытталған.

5.10 Іске қосу-баптау жұмыстарына, объектіні іске қосу режиміне шығаруға және жобалық қуатты игеруге жұмсалатын шығындарды есепке алуға қойылатын талаптар (Осы бөлімді Тапсырыс беруші аса маңызды деп қарастырады)

Орындаушы төмендегі шығын түрлерінің ҚБИҚК құрамына және оның қорытынды көрсеткішіне енгізілгенін немесе енгізілмегенін жеке әрі нақты айқындауға міндетті:

- іске қосу-баптау жұмыстары (commissioning);
- объектіні іске қосу режиміне шығару (start-up);
- қабылдау (өнімділік көрсеткіштерін растау) сынақтары (performance testing);
- жобалық қуатты игеру кезеңінде қолдау көрсету (ramp-up support);
- құрылыс жұмыстары механикалық тұрғыдан аяқталғаннан кейін пайдалануға операциялық қолдау көрсету (operational assistance after mechanical completion);
- іске қосу-баптау жұмыстарына (ІҚБЖ) арналған шикізат, қосалқы бөлшектер және т.б.

Деректер болған жағдайда, Орындаушы аталған шығындарды жеке бап ретінде сандық мәнде айқындауға тиіс. Сонымен қатар Орындаушы әдетте ҚБИҚК құрамынан алып тасталатын, бірақ үлгілік ЕРС келісімшартының талаптарына сәйкес қажет болатын шығын элементтерін көрсетуге міндетті. Бұл ретте Тапсырыс берушінің кейіннен ҚБИҚК бойынша белгіленген шекті мәнге кірмейтін ЕРС мердігерінің қосымша қызметтер көлемін келісуі мүмкін екендігі ескерілуге тиіс.

5.11 Маркетингтік зерттеу бойынша қорытынды есепке қойылатын талаптар

Көрсетілген қызметтердің нәтижелері бойынша Орындаушы Тапсырыс берушіге СТА-001-2026 стандартының талаптарына сәйкес әзірленген қорытынды талдамалық есепті ұсынады.

Орындаушы есептің құрамында қолданылған әдіснаманың, қабылданған жорамалдардың, шектеулердің, енгізілген түзетулердің, деректер көздерінің және нормализациялау коэффициенттерінің сипаттамасын, сондай-ақ барлық сараптамалық шешімдердің негіздемесін әзірлеуге және ұсынуға міндетті.

Есептің құрамына мынадай бөлімдер енгізілуі тиіс:

- Зерттеудің негізгі нәтижелерін қамтитын қысқаша түйіндеме;
- Зерттеу объектісінің және бастапқы деректердің сипаттамасы;
- Қолданылған бағалау әдіснамасының сипаттамасы;
- Пайдаланылған нормативтік, техникалық, статистикалық және өзге де ақпарат көздерінің тізбесі;
- Аналог объектілерді іріктеу процесінің сипаттамасы және оларды таңдаудың негіздемесі;
- Аналог объектілерге жүргізілген салыстырмалы талдаудың нәтижелері;
- Бастапқы деректерді нормализациялау бойынша орындалған жұмыстардың және қолданылған түзетулердің сипаттамасы;
- Жылына 2,5 млрд м³ және 5,0 млрд м³ газ өңдеу қуаттылығы бар газ өңдеу зауыттарының (ГӨЗ) әрқайсысы үшін қуат бірлігінің инвестициялық құны көрсеткішін жеке есептеу;
- Қуат бірлігінің инвестициялық құны (ҚБИҚ) көрсеткішін күрделі шығындардың негізгі құрамдас бөліктері бойынша егжей-тегжейлі көрсету;
- Сезімталдықты талдау, нәтижелердің дұрыстығын бағалау және оларды қолдану шектеулерін бағалау нәтижелері;
- Алынған көрсеткіштерді пайдалану жөніндегі қорытындылар мен ұсынымдар;

Есепте мыналар қамтылуы тиіс:

- Әрбір жоба үшін ҚБИҚ көрсеткішінің ұсынылатын мәнінің негіздемесі.
- Шетелдік аналог объектілердің құнын Қазақстан Республикасының аумағында жобаларды іске асыру жағдайларына сәйкестендіру тәртібінің сипаттамасы; қолданылған барлық түзетулердің есептеу әдістемесін, бастапқы деректерін және ақпарат көздерін көрсете отырып сипатталуы;
- Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнама талаптарының, сондай-ақ құрылыстағы баға белгілеу жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптарының ескерілу тәртібінің сипаттамасы;

- Қабылданған жорамалдардың, шектеулердің және нәтижелердің сенімділігіне әсер ететін факторлардың тізбесі;
- AACE International жіктемесіне сәйкес құндық бағалаудың дәлдік сыныбы туралы мәліметтер.

Есепке мынадай құжаттар қоса берілуге тиіс:

- ұқсас объектілерді іріктеу кестесі;
- күрделі шығындарды (CAPEX) қалыпқа келтіру кестесі;
- ҚБИҚК-ні есептеудің жиынтық кестесі;
- ұқсас объектілердің бастапқы деректері мен құнын растайтын материалдар;
- жұмыстарды орындауға қатысқан мамандардың біліктілігі туралы мәліметтер;
- ҚБИҚК-ні кейіннен уәкілетті мемлекеттік органмен келісу үшін түсіндірме жазбаның жобасы;
- есептің СТА-001-2026 стандартының талаптарына сәйкестігі туралы Орындаушының декларациясы.

Есептің құрылымы, мазмұны, міндетті бөлімдерінің, қосымшаларының, есептік кестелерінің және растайтын материалдарының құрамы СТА-001-2026 стандартының 10-бөлімінің талаптарына сәйкес келуге тиіс.

6 Жұмыстарды орындау әдіснамасына қойылатын талаптар

Орындаушы мынадай құрамдас бөліктерді қамтитын ашық, негізделген және нәтижелерін қайта жаңғыртуға мүмкіндік беретін әдіснаманы қолдануға тиіс:

- ұқсас объектілерді іріктеу өлшемшарттары;
- бастапқы деректердің дұрыстығын тексеру әдістері;
- деректерді салыстыру және қалыпқа келтіру қағидаттары;
- ұқсас объектілердің құндық деректерін Қазақстан Республикасында құрылыс құнын айқындау кезінде қолданылатын шығындар құрамына және талаптарға сәйкестендіру тәртібі;
- қуат бірлігінің инвестициялық құны көрсеткішін есептеу тәсілі;
- қорытынды нәтижеге әсер ететін болжамдардың, шектеулердің және тәуекелдердің сипаттамасы.

Халықаралық салалық тәжірибені, салыстырмалы талдаудың, нарықты зерттеудің және шығындарды салыстырмалы бағалаудың жалпы қабылданған тәсілдерін (Benchmarking / Market Research / Cost Benchmarking), сондай-ақ іске асырылған жобалар бойынша деректерді пайдаланған жөн.
Сонымен қатар қолданылатын әдіснама мемлекеттік инвестициялар есебінен құрылыс объектілерінің құнын айқындау қағидаларының талаптарына қайшы келмеуге тиіс.

7 Нәтижелерді ұсыну нысанына қойылатын талаптар

Орындаушы көрсетілген қызметтердің нәтижелерін қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде (есеп мәтіндері арасында сәйкессіздіктер анықталған жағдайда, орыс тіліндегі мәтін басымдыққа ие болады) мынадай құрамда ұсынады:

- Қорытынды талдамалық есеп – Microsoft Word және PDF форматтарында;
- Есептеу материалдары – барлық формулалар мен өзара байланыстарды сақтай отырып, Microsoft Excel форматында;
- Зерттеудің негізгі нәтижелері бойынша презентация – Microsoft PowerPoint форматында.

Барлық есептеулер, кестелер, графикалық материалдар мен қорытындылар логикалық тұрғыдан құрылымдалуы, пайдаланылған бастапқы деректер мен ақпарат көздеріне сілтемелерді қамтуы, сондай-ақ жүргізілген есептеулердің дұрыстығын тексеру мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

8 Ұсынылатын дерекқорлар

Қызметтерді көрсету кезінде Орындаушының мынадай ресурстары болуы қажет: дерекқорларға қолжетімділік (мысалы, S&P Global Commodity Insights PEP (бұрынғы IHS Markit PEP), Wood Mackenzie Chemicals / PE ABT, FGE NexantECA, Intratec, ICIS, GlobalData, FTA Capital Cost Database, Platts, ішкі салалық есептер); фото-/бейнетіркеу жүргізуге арналған ноутбук немесе планшет; есептерді жасауға арналған бағдарламалық қамтамасыз етуге қолжетімділік; инспекция жүргізілетін елдің аумағында кеңсенің немесе өкілдіктің болуы (қажет болған жағдайда).

9 Қызметтерді көрсету мерзімі

Шартқа қол қойылған күннен бастап 60 күнтізбелік күн ішінде.
Шартқа қол қойылған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде Орындаушы Тапсырыс берушіге әрбір кезеңнің орындалу кезеңдерін, мерзімдерін және нәтижелерін көрсете отырып, күнтізбелік жоспарды ұсынады.

10 Тараптардың өзара іс-қимыл тәртібі

Қызметтерді көрсету барысында:

- Тапсырыс беруші Орындаушыға қызметтерді көрсету үшін қажетті қолда бар бастапқы деректерді ұсынады;
- Орындаушы Тапсырыс берушіге қосымша материалдарды ұсыну және бастапқы деректерді нақтылау туралы сұрау салулар жіберуге құқылы;
- Орындаушы талқылау және келісу үшін Тапсырыс берушіге зерттеудің аралық нәтижелерін, оның ішінде ұқсас объектілердің тізбесін, әдіснамалық тәсілдерді, нормализациялау нәтижелерін, ұсынылатын түзетулерді және есептеулердің алдын ала нәтижелерін ұсынады;

- түпкілікті нәтиже осы техникалық тапсырмада көзделген құжаттардың толық жиынтығы берілгеннен кейін ұсынылды деп есептеледі.

11. Нәтижелерді қабылдау критерийлері

Қызметтердің нәтижелері мынадай шарттар бір мезгілде орындалған кезде қабылданды деп есептеледі:

- қызметтер осы техникалық тапсырмаға сәйкес толық көлемде көрсетілген;
- нәтижелер мен материалдардың толық жиынтығы ұсынылған;
- есептеулерде қажетті талдамалық және есептік негіздемелер қамтылған;
- нәтижелер Қазақстан Республикасы заңнамасының, Мемлекеттік инвестициялар есебінен құрылыс объектілерінің құнын айқындау қағидаларының және СТА-001-2026 стандартының талаптарына сәйкес келеді;
- көрсетілген қызметтер актісіне қол қойылған.

12. Ерекше шарттар

Орындаушы міндетті:

- Қызметтер көрсету барысында сенімді, өзекті және тексеруге болатын ақпарат көздерін пайдалануға;
- Қабылданған барлық жорамалдарды, шектеулерді және бағалау алғышарттарын олардың зерттеу нәтижелеріне әсерін көрсете отырып ашып көрсетуге;
- Тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша әдіснамаға, есептеулерге және пайдаланылған бастапқы деректерге қатысты қосымша түсіндірмелер беруге;
- Тапсырыс берушінің өкілдері үшін зерттеудің қорытынды нәтижелерінің таныстырылымын өткізуге;
- Зерттеу нәтижелерін уәкілетті мемлекеттік органдардың қарауы барысында Тапсырыс берушіге консультациялық сүйемелдеу көрсетуді, оның ішінде ескертулерге жауаптар дайындауды, қосымша негіздемелер ұсынуды және зерттеудің келісілген әдіснамасын өзгертпейтін түзетулерді материалдарға енгізуді қамтамасыз етуге;
- Орындаушы зерттеу нәтижелерін Тапсырыс беруші басшылығының, Директорлар кеңесінің (қажет болған жағдайда) қарауына, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдармен өткізілетін жұмыс кеңестері мен консультацияларға қатысады;
- Орындаушы қызметтерінің құнына зерттеу нәтижелері бойынша кемінде екі бетпе-бет немесе қашықтан таныстырылым (жұмыс семинары) өткізу, сондай-ақ ҚБИҚК-ны келісу рәсімі аяқталғанға дейін ескертулерді қарау жөніндегі кеңестерге қатысу кіреді;
- Орындаушы қосымша түрде объектіні іске қосу-баптау жұмыстары мен пайдалануға беруді қолдауға қатысты қуат бірлігінің инвестициялық құны көрсеткішіне (ҚБИҚК)

енгізілетін шығындардың құрамын айқындауға тиіс.

Атап айтқанда, Орындаушы ҚБИҚК-ны айқындау кезінде төмендегі жұмыстар мен қызметтердің есепке алынатынын немесе алынбайтынын жеке көрсетуге тиіс:

1. Іске қосу алдындағы дайындық жұмыстары (Pre-commissioning);
2. Іске қосу-баптау жұмыстары (Commissioning);
3. Кепілдік сынақтары (Performance Testing);
4. Қондырғының кепілдік берілген көрсеткіштерін растау үшін қажетті жұмыстар мен қызметтер;
5. Кепілдік берілген өндірістік өнімділікке (Guaranteed Throughput) қол жеткізу үшін қажетті жұмыстар мен қызметтер;
6. Объект іске қосылғаннан кейінгі бастапқы кезеңде EPC-мердігерінің объектіні пайдалану процесін сүйемелдеуі.

Аталған шығындар ҚБИҚ есептеуге енгізілген жағдайда, Орындаушы оларды мүмкіндігінше құн құрылымында жеке жолмен көрсетуге тиіс.

Аталған шығындар есептеуге енгізілмеген жағдайда, Орындаушы оларды ҚБИҚ есебінен алып тасталған шығындар тізбесінде (Exclusions) нақты көрсетуге тиіс.

Сонымен қатар, Орындаушы СТА-001-2026 стандартына сәйкес күрделі шығындар (CAPEX) құрамына енгізілмейтін, алайда халықаралық тәжірибеде әдетте күрделі шығындарға жатқызылатын шығындарды жеке сипаттауға тиіс.

Техникалық ерекшелік мәселелері бойынша Оринбаева Роза Сарсенбаевнаға хабарласуға болады: телефон — +7 (778) 560-99-86, электрондық пошта мекенжайы — r.orinbayeva@qgps.kz.

3. Нормативтік-техникалық құжаттар

№ р/с	Атауы
1	Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің міндетін атқарушының 2026 жылғы 24 маусымдағы № 330 бұйрығы, «Құрылыс саласындағы тапсырыс берушінің қызметін ұйымдастыру және функцияларын орындау қағидалары»
2	Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы № 532-IV «Газ және газбен жабдықтау туралы» Заңы
3	Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 125-VI «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодексі (2026 жылға арналған өзгерістермен);
4	Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 15 мамырдағы № 239 «Мемлекеттік инвестициялар есебінен қаржыландырылатын құрылыс объектілерінің құрылыс құнын айқындау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;
5	Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Кәсіпкерлік кодексі
6	Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI Экологиялық кодексі;
	Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің міндетін атқарушының 2026 жылғы 24 маусымдағы

7	№ 330 бұйрығы, «Құрылыс саласындағы тапсырыс берушінің қызметін ұйымдастыру және функцияларын орындау қағидалары»;
8	Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 9 қаңтардағы № 253-VIII Құрылыс кодексі
9	Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 8 маусымдағы № 47-VII «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Заңы;
10	«Дайын күйінде тапсыру» шартымен құрылыс жобаларын іске асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 15 мамырдағы № 235 бұйрығы.

Қосымша

Приложение.zip

Қол қойған	Изгалиев Аскар Алмасович
Қол қойылған күні	19.10.2026

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

ТЕХНИЧЕСКАЯ СПЕЦИФИКАЦИЯ

по закупке 1262156 , Услуги по предоставлению ценовых диапазонов/ценовых маркетинговых заключений способом Открытый тендер

Лот № 1 (18 У, 4555944) Услуги по предоставлению ценовых диапазонов/ценовых маркетинговых заключений

Заказчик: Товарищество с ограниченной ответственностью "QAZAQGAZ PROCESSING"
